

## 1992 жылы туған азаматтарды тіркеуді жүргізу туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы әкімінің 2009 жылғы 21 қаңтардағы N 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 09 ақпанда N 5-6-89 тіркелді. Күші жойылды - Аягөз ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 29 мамырдағы N 612 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Аягөз ауданы әкімдігінің 2009.05.29 N 612 қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 17, 18 және 44баптарын, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 33 бабының 1 тармағының 13-тармақшасын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371 "Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қаулысын басшылыққа ала отырып **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Аягөз қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы (М. Жақашев) (келісім бойынша) 1992 жылы туған азаматтарды тіркеуді жүргізуді ұйымдастыру ұсынылсын.

2. 1992 жылы туған азаматтарды тіркеуді жүргізу жөнінде аудандық комиссиясының құрамы бекітілсін (қосымша 1).

3. Шақыру учаскесіне тіркелетін 1992 жылы туған азаматтарды медициналық куәләндіру 2009 жылдың 26 қаңтарынан 2009 жылдың 16 наурызы аралығында жүргізілсін.

4. "Аудандық медициналық бірлестігі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын бастығы (Ж. Жұмақанов) (келісім бойынша):

1) медициналық куәләндіруді өткізу үшін қажетті мөлшерде маман-дәрігерлер мен орта буындағы медициналық қызметкерлерді бөлу ұсынылсын;

2) жатып емделетін орындарда, емдеу-сауықтыру мекемелерінде тіркеу жөніндегі комиссияның жолдамалары бойынша азаматтарды қосымша тексеру үшін бос орындар ұстау ұсынылсын;

3) тіркеу жөніндегі комиссияның Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрлігінің 2005 жылғы 16 наурыздағы № 117 және Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің 2005 жылғы 4 наурыздағы № 100 "Қазақстан

Республикасының Қарулы Күштеріндегі, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарындағы әскери-дәрігерлік сараптама ережесін бекіту туралы" бірлескен бұйрығына сәйкес қажетті мөлшерде медициналық құралдарымен, мүлікпен қамтамасыз ету ұсынылсын;

4) тіркеу аймағына тіркеу жүргізілу барысында, емделу қажет әскерге шақырушылардың тізімдері тапсырылған соң, оларды емдеу мекемелеріне бекітіп, толық емделіп шығуын қамтамасыз ету ұсынылсын;

5) аудандақ медициналық бірлестігінің дәрігер мамандарының әскери тіркеуге және әскерге шақыру комиссиясының штаттан тыс құрамы бекіту ұсынылсын (қосымша 2).

5. Қала, кент және ауылдық округтер әкімдері әскери тіркеуге тиісті азаматтарды қорғаныс істері жөніндегі біріккен бөліміне шақырылғандығы туралы хабардар етуге және олардың дер кезінде келуін қамтамасыз етсін.

6. "Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Б. Мұстафаев) мүгедек деп танылған барлық адамдар туралы мәлімет берсін.

7. "Аягөз аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі (С. Ещанова):

1) әскери оқу орындарына үміткерлерді іріктеу және білім деңгейін тексерсін;

2) әскери техникалық мамандық бойынша даярлауға үміткерлерді іріктесін.

8. Аягөз ауданының ішкі істер бөлімі (С. Қайпеков) (келісім бойынша):

1) бұрын сотталған немесе жазасын өтеп жүрген, қоғамға жат әрекеттері мен басқадай қылмыстары үшін тергеуде жүрген, әскери тіркелуге тиісті азаматтар туралы мәліметтерді Аягөз қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріккен бөліміне хабарлау ұсынылсын;

2) Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңын орындаудан жалтарап жүргендерді іздестіруді және ұстауды өз құзыреті шегінде жүзеге асыру ұсынылсын.

9. Аудандық ішкі саясат бөліміне (Д. Сағындықова) әскери тіркеу кезіндегі жұмыстарды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы кеңінен насихаттау тапсырылсын.

10. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

11. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғанан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Аягөз ауданы әкімінің**  
**міндетін атқарушы Т. Бозтаев**

А я г ө з а у д а н ы ә к і м і н і ң  
2 0 0 9 ж ы л ғ ы 2 1 қ а ң т а р д а ғ ы

№ 1 шешішіміне № 1 қосымша

**1992 жылы туған азаматтарды тіркеу жүргізу жөніндегі  
аудандық комиссияның құрамы**

1. Мұрат Асқарұлы Жақашев – қалалық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы, комиссия төрағасы (келісім бойынша)
2. Бақытжан Кәкенғажыұлы Баяхметов – Аягөз ауданы әкімінің орынбасары, комиссия төрағасының орынбасары (келісімі бойынша)

Комиссия мүшелері:

3. Марат Айтмұхаметұлы Макеев – аудандық ішкі істер бөлімінің бастығының орынбасары (келісім бойынша)
4. Ерік Мақсұтұлы Исабеков – аудандық орталық аурухананың дәрігері, медициналық комиссия төрағасы (келісім бойынша)
5. Сәулеш Төлеужанқызы Жақсыбаева – аудандық орталық аурухананың медбикесі, комиссия хатшысы (келісім бойынша)

А я г ө з а у д а н ы ә к і м і н і ң  
2 0 0 9 ж ы л ғ ы 2 1 қ а ң т а р д а ғ ы

№ 1 шешішіміне № 2 қосымша

**Аудандық орталық аурухананың дәрігер мамандарының  
әскери тіркеуге және әскерге шақыру  
комиссиясының штаттан тыс құрамы**

1. Исабеков Ерік Мақсұтұлы – аудандық орталық аурухананың хирургі
2. Жұмабаева Гүлнәр Мұсақызы – аудандық орталық аурухананың терапевті
3. Еникеева Нәжия Ысқаққызы – аудандық орталық аурухананың фтизиаторы
4. Байжұманова Раушан Зайтпекқызы – аудандық орталық аурухананың психиаторы
5. Байсеитова Сәуле Сағынайқызы – аудандық орталық аурухананың невропатологы
6. Бабақбаев Серік Сағатбайұлы – аудандық орталық аурухананың отоларингологы
7. Нұржанова Анар Жұматайқызы – аудандық орталық аурухананың окулисті
8. Қилыбаева Еркеш Садуалиқызы – аудандық орталық аурухананың дерматовенерологы
9. Құсаинов Шалқар Егінбайұлы – аудандық орталық аурухананың тіс дәрігері